

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу, сондай-ақ жекелеген халықаралық шарттардың қолданысын өзгерту және тоқтату туралы хаттаманы ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2020 жылғы 26 қазандағы № 369-VI ҚРЗ.

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу, сондай-ақ жекелеген халықаралық шарттардың қолданысын өзгерту және тоқтату туралы 2019 жылғы 1 қазанда Ереванда жасалған хаттама ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу , сондай-ақ жекелеген халықаралық шарттардың қолданысын өзгерту және тоқтату туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі мүше мемлекеттер деп аталатын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 115-бабын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Кедендік әкелу баждарының (баламалы қолданылатын өзге де баждар, салықтар мен алымдар) сомаларын есепке жатқызу және бөлу, оларды мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару тәртібі туралы хаттамаға (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 5 қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Әрбір мүше мемлекет үшін кедендік әкелу баждарының сомаларын бөлу нормативтері мынадай мөлшерде белгіленеді:

Армения Республикасы - 1,220 пайыз;

Беларусь Республикасы - 4,860 пайыз;

Қазақстан Республикасы - 6,955 пайыз;

Қырғыз Республикасы - 1,900 пайыз;

Ресей Федерациясы - 85,065 пайыз.";

40-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы күн сайын, жергілікті уақытпен ағымдағы күнгі сағат 16-дан кешіктірмей (Армения Республикасы үшін - Ереван қаласының уақытымен, Беларусь Республикасы үшін - Минск қаласының уақытымен, Қазақстан Республикасы үшін - Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен, Қырғыз Республикасы үшін - Бішкек қаласының уақытымен, Ресей Федерациясы үшін - Мәскеу қаласының уақытымен), басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына есепті күнгі мынадай ақпаратты жібереді:";

53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"53. Мүше мемлекеттердің жоғары мемлекеттік қаржылық бақылау органдары бірлескен бақылау іс-шаралары шеңберінде мүше мемлекеттер уәкілетті органдарының осы Хаттаманың ережелерін сақтауын жыл сайын тексереді."

2-бап

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған шарттың 8-бабы 1-тармағының күші жойылды деп танылсын.

3-бап

Осы Хаттаманы мүше мемлекеттер 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап уақытша қолданады, ал заңнамасында халықаралық шарттарды уақытша қолдану мүмкіндігі көзделмейтін мүше мемлекет үшін осы Хаттама мұндай мүше мемлекет осы Хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындаған күннен бастап, бірақ 2020 жылғы 1 қаңтардан кейін қолданылады.

Осы Хаттаманың ережелері 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Осы Хаттама дипломатиялық арналар арқылы депозитарий мүше мемлекеттердің осы Хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап, бірақ 2020 жылғы 1 қаңтардан кейін күшіне енеді.

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған шарттың жекелеген ережелерін қолдану туралы 2017 жылғы 11 сәуірдегі хаттаманың;

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған шартқа өзгеріс енгізу туралы 2018 жылғы 14 мамырдағы хаттаманың қолданысы тоқтатылады.

2019 жылғы 1 қазанда Ереван қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды.

Осы Хаттаманың төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол осы Хаттаманың депозитарийі бола отырып, әрбір мүше мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

| | | | | |
|---------------------------|----------------------------|-----------------------------|--------------------------|------------------------|
| Армения Республикасы үшін | Беларусь Республикасы үшін | Қазақстан Республикасы үшін | Қырғыз Республикасы үшін | Ресей Федерациясы үшін |
|---------------------------|----------------------------|-----------------------------|--------------------------|------------------------|

Осымен, аталған мәтіннің 2019 жылғы 1 қазанда Ереван қаласында, мыналар:

Армения Республикасы үшін - Армения Республикасының Премьер-министрі Н.В. Пашинян;

Беларусь Республикасы үшін - Беларусь Республикасының Президенті А.Г. Лукашенко;

Қазақстан Республикасы үшін - Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев;

Қырғыз Республикасы үшін - Қырғыз Республикасының Президенті С.Ш. Жээнбеков;

Ресей Федерациясы үшін - Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путин қол қойған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу, сондай-ақ жекелеген халықаралық шарттардың қолданысын өзгерту және тоқтату туралы хаттаманың толық және тең түпнұсқалы болып табылатынын растаймын.

Түпнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады.

*Еуразиялық экономикалық комиссияның
Құқық департаментінің директоры*

В.И. Тараскин

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу, сондай-ақ жекелеген халықаралық шарттардың қолданысын өзгерту және тоқтату туралы хаттаманың қазақ тіліндегі мәтіні орыс тіліндегі тең түпнұсқалы мәтініне сәйкес келетінін растаймын.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика вице-министрі*

М. Такиев